

## ТАРИХИ ДЕМОГРАФИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тарихи демография бөлімі 1994 ж. арнайы бөлім ретінде құрылып, 1995 ж. «Жаңа заман тарихы» бөлімімен біріктіріледі. Институт құрылымындағы қайта құрулар негізінде 1995 жылы тарихи демография және жаңа заман бөлімі қалыптасты. Бөлімде қызмет ететін тарихшы демографтар тобы Қазақстанның тарихи демография саласындағы зерттеулерді жүргізу үстінде.

КСРО-ның Ғылым Академиясының қазақ филиалындағы Тарих, тіл және әдебиет Институтынан бөлінген. Тарих, археология және этнография институтының 1945 ж. бергі тарихында бөлімдердің саны да, атаулары да ғылыми-зерттеу бағыттарына сай бірнеше рет өзгертілді.

1945 ж. бастап қазіргі кезеңге дейінгі Қазақстанның жаңа заман тарихы және тарихи демография бөлімінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары мен соған сай бөлім атауларының өзгеру тарихына тоқталып кетсек, онда тарихи демографиялық мазмұндағы ғылыми жұмыстардың жаңа заман тарихы бөлімінің қызметімен тығыз байланыста өрбігенін байқаймыз.

Тарих, археология және этнография институты 1945 жылы КСРО Ғылым Академиясының зерттеу бағыттарының Тарих, тіл және әдебиет институтының қазақ бөлімшесі базасында құрылып, оның бөлімдері қалыптаса бастады. Ол кездегі бөлімдердің бірі – *«Жаңа заман тарихы»* болды. Бөлім құрылған уақыттан бастап Қазақстан тарихының жаңа заман дәуірімен кеңестік кезеңдегі маңызды мәселелерімен айналысты. «Жаңа заман тарихы» бөлімі аясында болашақта бөлім атының өзгертілуіне немесе бірнеше бөлімге бөлінуіне мүмкіндік берген Қазақстан тарихының сан-салалы бағыттарында іргелі жұмыстар жүргізілді. Мәселен, 1945-1959 жылдарға жоспарланған «Қазақстан тарихы» (көне заманнан Ұлы Қазан төңкерісіне дейін), сондай-ақ, ХІХ-ХХ ғасырлардағы Қазақстандағы капиталистік қатынастардың дамуы, республикадағы социалистік индустриаландыру, жұмысшы табының қалыптасуы мен оның мәдени-техникалық жетілдірілуі және т.б. жайында да зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. 1951-1952 жж. секторлар таратылып, бірнеше бөлімдер құрылады: Қазақстанның ерте және орта ғасырлар тарихы; жаңа заман тарихы; Қазақстандағы социалистік құрылыс тарихы; Қазақстандағы Қазан революциясы мен азамат соғысы; археология; этнография бөлімдері.

Осы аталған бөлімде қызмет атқарғандар: бөлім меңгерушісі – Б.С.Сүлейменов және бөлім қызметкерлері – Е.Д.Дильмұхамедов (ғылыми қызметкер), П.Г.Галузо (аға ғылыми қызметкер), И.Ф.Маликов (ғылыми қызметкер), М.Тұрсынова, М.Х.Асылбеков (кіші ғылыми қызметкерлер). Міне, осы аталған бөлім қызметкерлері «1905-1907 жылдары болған Қазақстандағы көтерілістің тарихына» қатысты деректер мен материалдар жинақтап, жекелеген еңбектерді жарыққа шығарған. Сонымен қатар, «Қазақстандағы жұмысшылар және аграрлық қозғалыс (1907-1917 жж.)»

тарихын да зерттеді. Институт зерттеушілері Қазақстан мен Орта Азиядағы азамат соғысының, Қазақ КСР-ндегі социалистік құрылыстың, 1916 ж. көтерілістің және т.б. тарихына байланысты құжаттар жинағын құрастыру мен жариялау жұмысына басын қосты. Бөлім қызметкерлері отандық тарихшылар ретінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті зерттеп, оның халықтық сипат алғандығын айқындай түскен. Сондай-ақ, аталған тақырыптармен қатар қазақ халқының ағартушылары Ш.Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин сияқты қайраткерлердің халыққа сіңірген еңбегін және олардың қызметін зерттеу бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды. Осы аталған тұлғаларға қатысты жекелеген монографиялар мен таңдамалы еңбектер жарыққа шықты. Мәселен, Ш.Ш.Уәлихановтың «Таңдамалы шығармалары», Ы.Алтынсариннің «Таңдамалы шығармалары» томдық жинақтар ретінде жарық көрді [1].

Бөлім қызметкерлері Е.Д.Дильмухамедов пен И.Ф.Маликов «Қазақстанның төңкеріске дейінгі жұмысшы табының очеркі» атты зерттеу монографиясын 1960 жылға дейін аяқтауды жоспарланған. Бұл очеркте ХІ ғасырдың екінші жартысындағы өндірістің дамуы мен ХХ ғасыр басындағы жұмысшы табының қалыптасуы, алғашқы орыс революциясы, Столыпин реформасы, көтерілістің өріс алуы, 1-дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс ІІ-орыс буржуазиялық төңкерісі т.с.с мәселелер қарастырылған [2]. 1961 жылы «Жаңа заман тарихы» бөлімінде И.Ф.Маликов пен Е.Д.Дильмухамедов жазған «Очеркті» талқылауға Г.Ф.Дахшлейгер, Б.С.Сулейменов, В.К.Савосько, Т.Ж.Шойынбаев, Ю.Г.Баранова, Ф.Маликов, М.Х.Асылбеков, М.Байкенов, Х.Арғынбаев, И.Шумай қатынасқан [3]. Отырыста жан-жақты талқылау жасалған.

Бөлім қызметкерлері 1963 жылы жарық көрген «Қазақ КСР тарихы. Социализм дәуірі» еңбегінің зерттелуінде зор үлес қосты. Ғылыми жұмыстардың нәтижесі ретінде жарияланған еңбек Кеңестік Қазақстан тарихын зерттеудегі соңғы жетістіктерге негізделіп жазылды.

1967 жылы «Ерте заманнан күні бүгінге дейінгі Қазақ КСР-ның тарихы» екі томдық еңбегі шықты. Елдегі ірі құрылыстар мен өнеркәсіп орындарының тарихына арналған еңбектер жариялана бастады.

1960 жылдары тарих ғылымының зерттеуі тереңдеп, жан-жақты қанат жая түсті.

Институт жетекшілері болашақ ғалымдардың да жолын ашу мақсатында жұмыстар жасаған. Мәселен, 1963 жылы М.Х.Асылбековтің революцияға «ХІХ ғасырдың аяғы - ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан темір жолдарында жұмысшы мамандарының қалыптасуы» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын жетістікпен қорғауына ҚазКСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі Г.Ф.Дахшлейгердің басшылығы, ҚазКСР ҒА вице-президенті, академик А.Н.Нүсіпбековтің, Е.Б.Бекмаханов, Б.С.Сулейменовтардың қолдауын айтамыз. Сондай-ақ, осы бөлімде С.А.Сүндетовтің «ХХ ғасыр басындағы қазақ ауылындағы капиталистік қатынастардың орнығуы» және М.С.Тұрсынованың «ХІХ ғасырдағы

Маңғышлақ қазақтары» деп аталатын кандидаттық диссертациялары бекітілген [4].

1965 жылы 2 шілдеде өткен Тарих, археология және этнография институтының отырысының № 10 хаттамасында қазақтың тұңғыш ағартушы-ғалымы Ш.Ш.Уәлихановтың еңбектерін жинақтап «таңдамалы шығармаларын» шығару жөнінде бөлім қызметкері Б.Н.Әбішева, ғылыми хатшы ретінде В.В.Востров ұсыныс жасайды [5]. Тарих институты құрылған кезеңнен бері институт құрылымы бірнеше өзгерістерге ұшырады. Жаңа заман тарихы бөлімінің зерттеген Қазақстан тарихының сан-саналы мәселелерінің аясы кеңейе түсті. Зерттеудегі мәселелердің үлкен тобымен нақты әрі терең мүмкіндік беретіндей етіп, жаңа бөлім құрылды.

Бөлімнің аты 1968 жылы *«Коммунистік құрылыс тарихы»* деп өзгертіледі. Заманның ағымы, уақыттың қойған талабына сәйкес құрылған бөлімде кеңестік құрылыс және жұмысшы табының қызметі зерттеліп, насихатталып отырыла бастады. Осы тұста бөлім қызметкерлері 1946-1960 жылдар аралығындағы тарихты жазуға кіріскен. Бөлімде 7 ғылыми қызметкерлер (бөлім меңгерушісі – т.ғ.к. Бағдат Нұрлановна Әбішева, 1 кіші ғылыми қызметкер, 5 ғылыми қызметкер – төртеуі тарих ғылымдардың кандидаттары) және 1 хатшы қызмет атқарды [6]. Б.Н.Абишева жұмысшы табының мәдени-техникалық деңгейінің өсуі мәселесін зерттесе, Р.Б.Сүлейменов мәдени революция тарихымен айналысты, С.Б.Нұрмұхамедов, М.Х.Асылбеков, Н.Г.Пан – Қазақстанның индустриалдық дамуы тарихын қарастырды.

Бұл жылдары Кеңестік Қазақстанның индустриалды дамуын, әлеуметтік, ұлттық құрамындағы өзгерістерді, жұмысшы табының мәдени, техникалық даму деңгейін зерттеу бағытындағы үш тақырып бойынша жұмыстар жүргізілді:

1) Темір жол транспортының дамуы және теміржолшы мамандардың қалыптасуы (1917-1965 жж.)» атты тақырыптың жетекшісі – А.Н.Нүсіпбеков, орындаушылары – М.Х.Асылбеков (т.ғ.к.), М.Байкенов (доцент). Тақырып 1966-1970 жылдарға жоспарланды [7].

1960-жж. ортасында М.Х.Асылбековтың «Қазақстан теміржолшылары бірінші орыс революциясы жылдарында (1905-1907 жж.)» (Алматы, 1965, 10 б.т.) монографиясы жарық көрді. Кітапта Ресей империясының отары – Қазақстанның ХІХ ғ. аяғы – ХХ ғ. басындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының өзекті мәселелері зерттелді.

2) «Қазақстан жұмысшы табының мәдени-техникалық деңгейі (1959-1965)» деп аталатын тақырыптың жетекшісі – Б.Н.Әбішева (т.ғ.к.) болды. Орындаушылар Б.Н.Әбішева және А.Игенбаев. Жұмысты жазып шығу мерзімі 1966-1970 жж. арасы деп белгіленді.

3) «В.И.Лениннің электрлендіру жоспары және оның Қазақстанда жүзеге асырылуы» деп аталатын тақырыптың жетекшісі ретінде академик А.Н.Нүсіпбеков бекітілді. Орындаушылар Ю.И.Романов (т.ғ.к.), Н.Г.Пан (т.ғ.к.). Тақырыпты орындау мерзімі 1969-1972 жж. [8].

1965-1969 жж. арасында «Коммунистік құрылыс тарихы» бөлімі қызметкерлері 6 монография мен Т.Е.Елеуовтың редакциялауымен «Қазақстандағы Ұлы Октябрь социалистік революциясы» атты оқиғалар шежіресін шығарды.

«Коммунистік құрылыс тарихы» аталатын бөлім өз қызметін 1969 жылы да жалғастырды. Бұл жолы да үш тақырып бойынша зерттеу жұмыстары жазылды:

1) «Кеңестік Қазақстанның индустриалды дамуы және әлеуметтік, ұлттық құрамдағы өзгерістер»;

2) «Колхоз-совхоздық құрылыстың соғыстан кейінгі кездегі Қазақстанда дамуы» деп аталатын тақырыптар бекітілді. Жетекшісі – А.Н.Нүсіпбеков, орындаушылар – М.Х.Асылбеков, С.Б.Нұрмұхамедов, Р.Б.Сүлейменовтер болды. Мерзімі 1970-1974 жж. белгіленді [9].

Қарқынды ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде, 1974 ж. М.Х.Асылбеков «Қазақстан теміржолшы кадрларының қалыптасуы және дамуы (1917-1970 жж.)» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Алматыда 1976 жылы М.Х.Асылбеков, С.Б.Нұрмұхамедов және Н.Г.Пан бірігіп, Қазақстанның жұмысшы табының индустриалдық кадрларының өсуі (19465-1965 жж.) монографиясы жарияланды. Бұл жұмыста соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықтарда жұмысшы табының дамуы жан-жақты, әрі кешенді талданды. Еңбекте тұңғыш рет жұмысшылардың дамуының басты факторларының бірі – демографиялық және ұлттық құрамы, кәсібі, еңбек стажы және т.б. қарастырылып, ұлттық кадрлардың өсу проблемасына назар аударылды.

1977 жылы зерттеу жоспарына сай Институт ұжымы 4 тақырып бойынша жұмыс істеді.

1) «Көп томдық Қазақстан тарихы (4-том). Бұл тақырып бойынша редколлегияда Т.Б.Балақаев, Б.Н.Әбішева, Р.Б.Сүлейменов және авторлық мәтінді редколлегия мүшелерінің орынбасарлары қолға алып, жалпы көлемі 45 б.т. еңбек дайындалды.

2) «Орта Азия және Қазақстан индустриясы» деп аталатын тақырыпқа 4-томдық еңбек жоспарланып, бөлімнің қызметкерлері – В.К.Савосько, Б.Н.Абішева, М.Х.Асылбеков, С.Б.Нұрмұхамедов, Ю.И.Романовтар жазып шығуға кірісті.

3) «Кеңестік Қазақстанның жұмысшы табының тарихы» 3-томдық монография ретінде жоспарланды. Жетекшісі – А.Н.Нүсіпбеков, орындаушылар – Б.Н.Әбішева, М.Х.Асылбеков, С.Б.Нұрмұхамедов, Н.Г.Пан, Ю.И.Романов, М.К.Бекхожиндер болды.

4) «Кеңестік Қазақстанның шаруалар тарихы». 2-томдық еңбек ретінде жоспарланды. Авторлық ұжымға жетекшілікті – Г.Ф.Дахшлейгер жасап, орындаушылар ретінде – В.К.Савосько, Ф.К.Маликов, М.Қадырбаевтар қатынасқан [10].

Кеңестік құрылыс тарихы бөлімінде «Кеңестік Қазақстан жұмысшы табы (1917-1937 жж.)» деп аталатын тақырыптың жобасын талқылауға бөлімнен Б.Н.Әбішева, М.Х.Асылбеков, Н.Г.Пан, В.К.Савосько,

Ю.И.Романов, Н.Е.Едігенов, кіші ғылыми қызметкерлер М.Бекхожин, Е.Ибраев, аға лаборанттар К.Смагулова, М.Ашимғалиев, Г.А.Некрасовалар барлығы 11 адам қатынасқан [11].

1980 жылы бөлім 2 ғылыми тақырып бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді: 1) «Кеңестік Қазақстанның жұмысшы табының тарихы» (3 томдық); 2) «Кеңестік Қазақстан шаруалар тарихы» (2 томдық). Бірінші тақырыпқа жетекшілікті А.Н.Нүсіпбеков жасады. Орындаушылар ретінде Б.Н.Әбішева, М.Х.Асылбеков, М.Бекхожин, Н.Е.Едыгенов, С.Б.Нұрмұхамедов, А.Н.Нүсіпбеков, Н.Г.Пан, Ю.И.Романовтар қатынасқан [12].

1980 жылы «Коммунистік құрылыс тарихы» бөлімі еңбектері үшін марапатталған мұрағат дерегінде:

1980 ж. социалистік жарыстың жеңімпазы ретінде, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарихы, археология және этнография институтының директоры, Қазақ КСР ҒА академигі А.Н.Нүсіпбеков пен Жергілікті комитеттің төрайымы Х.А.Қауанованың қолы қойылған дипломның мәтіні көрсетілген.

Онда: «Ғылыми зерттеу жұмыстарының жоспарын орындаудағы белсенді қоғамдық қызметі үшін социалистік жарыста Бірінші орын алған коммунистік құрылыс тарихы бөлімі қызметкерлері осы дипломмен марапатталды» - делінген.

Бөлім қызметкерлері ішіндегі көрнекті ғалым М.Х.Асылбеков жас кезінде 1958 жылы осы институтқа кіші ғылыми қызметкер ретінде қабылданған. 1983 жылы Институттың ғылыми кеңесінің төрағасы ретінде Б.А.Төлепбаев, ғылыми хатшысы К.А.Пищулинаның кезінде М.Х.Асылбеков, К.Н.Нұрпейісов, Т.Б.Балақаевтардың кандидатурасын КазКСР ҰҒА-ның мүше-корреспонденттігіне ұсынған отырыс өтеді және ғалымдардың ғылымға сіңірген еңбектері көрсетіле отырып, былайша ұсыныс жасалған: 1) М.Х.Асылбеков 1958 жылдан Институт қызметкері. 1974 жылы докторлық диссертацияны қорғаған. 1980 жылы «Кеңестік Қазақстанның мәдени тарихы» бөлімінің меңгерушісі. 1981 жылы «Қазақстанның мәдени және тарихи ескерткіштер» бөлімінің меңгерушісі. Ғалымның негізгі айналысқан тақырыбы «Қазақстан жұмысшы табының құрылуы мен қалыптасып дамуы» деген тақырыпта болды [14].

«Коммунистік құрылыс тарихы» бөлімінде 1981-1985 жылдары «Кеңестік Қазақстанның индустриалды дамуы және жұмысшы табының өсуі» деп аталатын жоспарлы тақырып қарастырылып, талданылады. Тақырып жетекшісі А.Н.Нүсіпбеков, орындаушылар – Б.Н.Әбішева, Ю.И.Романов, М.Х.Асылбеков, Н.Г.Пан, М.Бекхожин, К.Саркенова, А.Ш.Алтаев және т.б. [15]. Қазақстан ғалымдары қызметінің қорытылған іргелі зерттелген еңбектерінің нәтижесі ретінде 1987 жылы 1-томы, 1988 жылы 2-томы Алматыда шыққан «Кеңестік Қазақстанның жұмысшы табы тарихы» зерттеуін атаймыз. Бұрынғы КСРО-да осы дәрежелі зерттеулер ішінде бай деректер негізінде жазылған ауқымды еңбектің алғашқы Бас редакторы академик А.Нүсіпбеков болды. 1983 жылы ол қайтыс болғаннан

кейін, еңбекті жариялауға басшылық бас редактордың орынбасары М.Х.Асылбековке жүктеді.

Келесі бір тақырып «Қазақстанның тың және тынайған жерлерін игерудегі әлеуметтік-экономикалық зардаптары (1961-1980 жж.), т.ғ.д. Ф.К.Михайлов, орындаушылар – В.К.Савосько, М.Ашиғалиев, аға лаборант Б.Жангуттиндер бекітілген. Тақырыпты орындау мерзімі 1981-1984 жылдарға жоспарланды [16].

1983 жылы «Коммунистік құрылыс тарихы» бөліміндегі отырысқа Г.Ф.Дахшлейгер, Б.Н.Әбішева, В.К.Савосько, Н.Г.Пан, Ю.И.Романов, К.Сакенова, Н.Э.Масанов, М.Бекхожин, М.Ашиғалиев, А.Б.Калышевтар қатынасып, «Қазақстандағы Кеңестік өндірістің жарысы (1946-1980 жж.)» деп аталатын ғылыми жобаның жоспарын талқылауға қатынасқан [17].

Қазақстанның индустриалдық дамуы мен жұмысшы табының қалыптасуы» зерттеу тақырыбының ауқымы кеңейе түсті. Міне, осы себепті, 1983 ж. Қазан айында «Коммунистік құрылыс тарихы» бөлімінің аты «Қазақстанның индустриалдық дамуы және жұмысшы табы тарихы» деп өзгертіледі. Осы мәселе қарастырылған жиналысқа Б.Н.Әбішева, Ю.И.Романов, Н.Г.Пан, Е.М.Ибраев, М.Бекхожин, К.Сакенова, А.Ш.Алтаев, Л.Афанасьевалар қатынасады [18].

1985 жылы бөлім қызметкерлері М.Х.Асылбеков пен Б.Н.Әбішеваның жетекшілігімен 1981-1985 жж. жоспарланған. «Кеңестік Қазақстанның индустриалдық дамуы және жұмысшы табының өсуі» тақырыбының зерттеуді аяқтайды. Социалистік құрылыстың аяқталу кезеңі мен кемелденген социализм жағдайындағы «Қазақстан өнеркәсібіндегі социалистік жарыс» тарауын зерттеуді аяқтайды.

Еңбекте социалистік қоғамдағы жарыстың алғышарттары, даму процесі, жұмысшы табының өндірістік қызметі, белсенділігі, жарыстың өндірістік, әлеуметтік және тәрбиелік қызметінің сипаты ашылды. 1946-1980 жж. аралығындағы Қазақстанның өнеркәсіп потенциалының даму процесі, жеклеген өнеркәсіп салаларының тарихы, жұмысшы табының құрамындағы сандық және сапалық өзгерістер де қарастырылды. Авторлар мұрағаттық, статистикалық, баспасөз материалдары мен социологиялық талдау деректерінің нәтижесінде социалистік жарыстың кеңестік қоғамдағы рөлін көрсетті. Алғаш рет монографияда республиканың 22 ірі өнеркәсіп орындарындағы 5 мың жұмысшыны қамтыған социологиялық сауалнаманың нәтижесін пайдаланды. Тақырып 15 б.т. монографияның қолжазбасы түрінде 1985 ж. 1 қазанында қабылданды. [19].

1989-1991 жылдарға жоспарланған «Қазақстан транспортының дамуы және оның жұмысшы мамандарының өсуі (1917-1985 жж.)» деп аталатын жоспарлы тақырыптың жетекшісі М.Х.Асылбеков, орындаушылары – Б.Қыздарбекова (т.ғ.к.), Н.П.Ивлев (т.ғ.к.), С.М.Сарсенбаев, Н.Г.Медеу, Р.Е.Құрманғалиев, Р.С.Амандосова, Ж.А.Ермекбаевтар болды [20].

Алғаш рет қазақстандық тарихнамада 1917-1985 жж. аралығындағы Қазақстан транспортының барлық түрінің тарихы қарастырылды. М.Х.Асылбековтың, Н.Т.Медеудің, Б.Қыздарбековтың КСРО Халық

шаруашылығының Орталық Мемлекеттік мұрағаты (қазіргі: Ресей мемлекеттік экономика мұрағаты), КСРО, Октябрь революциясының мемлекеттік мұрағаты (қазіргі Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты), Қазақ КСР Орталық Мемлекеттік мұрағаты, Алматы теміржолы басқармасының жол мұрағаты және т.б. зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстан транспортының барлық түрлеріне байланысты көлемді құжаттары тарихи айналымға түсті.

1984-1992 жж. Қазақ КСР ҒА тарих, археология және этнография институтының кеңестік Қазақстанның индустриалдық дамуы мен жұмысшы табының тарихи бөлімінің меңгерушісі Қазақ КСР ҒА корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор М.Х.Асылбеков болды.

1991 ж. күзде Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты 2-ге бөлініп, Ш.Ш.уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты құрылды [21].

1991 ж. тәуелсіздігін жариялаған Қазақстанның тарихи дамуын зерттеуге байланысты Қазақстанның индустриалдық дамуы мен жұмысшы табының тарихы бөлімінің аты өзгертіліп, **Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық проблемалары тарихы бөлімі** деп атала бастайды. 1992-1994 жж. ҚР ҒА Тарих және этнология институтының Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық проблемалары тарихы бөлімінің меңгерушісі қызметін ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, т.ғ.д., профессор М.Х.Асылбеков атқарды.

Бөлім қызметкерлері тархтағы «ақтаңдақтарды» жоюға арналған кешенді бағдарламаға да белсене араласты. Бұл бағдарламаға сай 1993 ж. Халықаралық «Түркі мемлекеттері арасындағы II ғылыми іс бірлігі конференциясында М.Х.Асылбеков, А.Ш.Алтаев және С.Сапарбаева бірлесіп «Қазақстанның экологиясына индустриалдық дамудың әлеуметтік-экономикалық проблемаларының әсері» тақырыбында баяндама жасады. 1993 ж. Қазақстанның қоғамтанушы-ғалымдары құрамында бөлім меңгерушісі М.Х.Асылбеков АҚШ-та ғылыми сапарда болды. Тарихи танымды концептуалдық тұрғыдан қайта пайымдау тұрғысынан зерттеулер жүргізіле бастады. Мысалы, 1993 ж. М.Х.Асылбеков пен А.Ш.Алтаевтың бірлескен «Қазақстанның индустриалдық дамуы мен жұмысшы табы тарихының мәселелерін концептуалдық қайта пайымдау» мақаласы жарияланды (Вестник АН РК. 1993. № 4. 66-75 бб.). Сонымен бірге, 1980 жылдардың екінші жартысынан бастап, бөлім қызметкерлерінің ғылыми зерттеу бағыты Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық дамуына арналды. М.Х.Асылбеков пен Ә.Б.Ғалидың «Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестер (1917-1980 жж.)» (Алматы, 1991 ж.) монографиясы қоғамдық ғылымдардың кеңес заманында қатты идеологиялық тегеурінде болған саласы – тарихи демографияға бетбұрыс әкелді. Бұл еңбекте Қазақстанның әлеуметтік-демографиялық дамуы кең көлемді әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер негізінде алғаш рет қарастырылды.

1991-1993 жылдары бөлім қызметкерлері зерттеген «Қазақстанның индустриалды дамуы және жұмысшы табы» атты ғылыми жобаға жетекші

М.Х.Асылбеков болса, орындаушылар ретінде т.ғ.к. Ю.И.Романов, т.ғ.д. С.Б.Нұрмұхамедов, т.ғ.к. Н.Г.Пан, т.ғ.к. А.Ш.Алтаев, т.ғ.к. Л.Т.Балақаева, ҒҚ С.Т.Қазиев, ҒҚ К.Тоғубаев, ҒҚ Т.Құлтаев, КҒҚ Н.Т.Медеу қатынасты. Ғылыми тақырыпты жазып шығу мерзімі 1993 жылға дейін жоспарланған [22]. Зерттеуде алғаш рет Ақпан (1917) революциясынан 1990 жж. дейінгі Қазақстанның индустриалды дамуы және жұмысшы табы тарихын қазақ тілінде зерттеу талпынысы жасалды.

1994-1996 жылдарға жоспарланған «Қазақстан халқының әлеуметтік және ұлттық құрамындағы өзгерістер (1897-1992 жж.)» деп аталатын ғылыми тақырыпқа жетекшілікті М.Х.Асылбеков жасады [23].

1991-1993 жж. бөлім қызметкерлерінің бір тобы тарихи демография саласы бойынша, М.Х.Асылбековтың жетекшілігімен «Қазақстан халқының әлеуметтік және ұлттық құрамындағы өзгерістер (1917-1989 жж. тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Негізгі ғылыми нәтижелері: алғаш рет Қазақстан халқының әлеуметтік құрамы мен ұлттық құрылымындағы ұзақ мерзімдегі өзгерісі көрсетілді. Зерттеуде, әсіресе, өтпелі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық қайта құрулардың нәтижелеріне баса назар аударылды.

1994 ж. 5 желтоқсанындағы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының № 21 бұйрығы бойынша Институт құрылымында бірқатар өзгерістер жүрді. Соның ішінде, Қазақстанның қоғамдық-саяс өмірі бөлімі мен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық проблемалары тарихы бөлімі деп аталатын екі бөлім өзгерістердің нәтижесінде

- Кеңес дәуіріндегі Қазақстан тарихы;
- Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және саяси проблемалары;
- **Тарихи демография** деп аталатын үш бөлім болып қайта құрылады.

Осы бұйрық негізінде Институтта сегіз бөлім ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

1994-1995 жж. Қазақстанның тарихи демографиясы бөлімі меңгерушісі қызметін ҚР ҒА корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор М.Х.Асылбеков атқарды. Бөлімде қызмет атқарғандар: тарих ғылымдарының кандидаттары Ю.И.Романов, А.Ш.Алтаев, Н.Г.Пан, Т.С.Құлтаев Л.Т.Балақаева, ғылыми қызметкерлер С.Т.Қазиев, К.Т.Тоғубаев.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде – 17 еңбек, соның ішінде екі монография жарияланды.

1995 ж. М.Х.Асылбеков пен В.В.Козинаның «Қазіргі Қазақстанның демографиялық процестері» атты, 1996 ж. А.Ш.Алтаевтың «Қазақстан жұмысшыларының әлеуметтік дамуы (1970-1990 жж.) атты монографиялары жарық көрді. Бұл еңбектерде Қазақстан халқының өсіп-өнуі проблемасы экология және денсаулық сақтау проблемасымен тығыз байланыста қарастырылады.

1995 ж. Тарих және этнология институтының **Қазақстанның жаңа заман тарихы және тарихи демография бөлімі** құрылды.

1995-2001 жж. аралығында тарихи демография және жаңа заман бөлімінің меңгерушісі қызметін ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор М.Х.Асылбеков атқарды.

1997-1999 жылдарға жоспарланған «XX ғасырдағы қазақтар» (тарихи-демографиялық зерттеу) атты ғылыми жоба бойынша жетекші М.Х.Асылбеков, орындаушылар Л.Т.Балақаева, С.Т.Қазиев, А.И.Құдайбергенова, В.В.Козина, А.М.Мамырханова, Ж.Т.Талдыбаев жазып шығуға бекітілді [24]. Тақырыптың 1999 жылы қолжазбасы дайындалды.

Зерттеуде XX ғасырдағы қазақ халқының әлеуметтік-демографиялық ахуалына талдау жасалды. Тақырыптың нәтижелері төмендегі еңбекте көрінді: М.Х. Асылбеков, В.В. Козина “Казахи” (демографические тенденции 80-90-х гг.) (Алматы: Өдәйіәә, 2000).

2000-2002 жылдарға жоспарланған «Қазақстанның қазіргі замандағы демографиялық және миграциялық процестері (1989-1999)» деп аталатын тақырыптың жетекшісі М.Х.Асылбеков, орындаушылары АҒҚ, т.ғ.к. Ж.А.Аханов, АҒҚ, т.ғ.к. С.Рүстемов, АҒҚ, т.ғ.к. А.И.Құдайбергенова, ҒҚ С.Т.Қазиев, Г.А.Омаровалар болды [25]. Сан-салалы деректер көзін (ғылыми әдебиет, 1989 ж. және 1999 ж. халық санақтарының материалдары, Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің статистикалық есептері, жинақтары және т.б. жарияланымдар) негізінде аяқталған тақырып бойынша ұжымдық монография даярланды. Тақырыптың нәтижелері бойынша М.Х. Аһіәәәіәтың редакциялауымен А.А. Еіçеіаның “Іаһәәіәә Оаіодәәііаі Еақәдәәіа (еііәә ОіО а.-30-ә аіау ОО а.). (Аәіәә, Өдәйіәә, 2000 а.), М.Х. Асылбеков пен Л.Х.Төлешованың «Қазақстанның тарихы демографиясының даму белестері», (Алматы, 2002); М.Х. Асылбеков пен А.М. Жаркенованың «Население Казахстана в конце XIX - начало XX века (1897-1917 гг.)» (Алматы, 2001); Асылбеков М.Х. Козинаның В.В. Демографическое развитие Республики Казахстан в условиях суверенитета. (Алматы, Өркениет, 2001.) монографиялары жарияланды.

2001 ж. бері тарихи демография және жаңа заман бөлімінің меңгерушісі қызметін т.ғ.к. Е.Ж.Уәлиханов атқаруда.

2003-2005 жылдарға жоспарланған «XX ғасырдағы Қазақстан көші-қон процестері және оның зардаптары» ғылыми тақырып бойынша жетекшілікті М.Х.Асылбеков жасаса, орындаушылар ретінде АҒҚ, т.ғ.к. А.И.Құдайбергенова, ҒҚ С.Т.Қазиев, КҒҚ-лер Қ.А.Еңсенов, Г.А.Омарова, лаборант Ш. Сәлімгереевалар қатысты [26].

Зерттеу жұмысының нәтижесінде Қазақстанның ішкі және сыртқы көші-қон процестерінің себептері, бағыттары, негізгі үрдістері мен салдарлары кешенді түрде зерттелді. Халықтың әлеуметтік және ұлттық құрамының ерекшеліктерінің қалыптасуына әсері; урбандалу процесіндегі қазақ ұлтының ерекшелігі; патша және кеңес өкіметінің ашық және жасырын отарлау саясаты; ұжымдастыру; аштық; депортациялануы және басқа да көші-қон түрлерінің зардаптары ашылды.

XIX ғ. соңы-XX ғ. басындағы Қазақстандағы көші-қон процестерінің қарқынды жүруіне әсер еткен негізгі факторлар: Ресей империясының

мемлекеттік қоныстандыру саясаты және оның өлкеде іске асуы мен зардаптары, Столыпиндік аграрлық реформа, Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 ж. Ұлт-азаттық қозғалыс, азамат соғысы, аштық, геноцид, әр түрлі халық өкілдерінің Қазақстанға күштеп жер аударулары мен Қазақстанның ГУЛАГ-тың алып алаңына айналуы, Екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңы, барысы және кейінгі кезең, индустрияландыру жылдарындағы ірі құрылыстар, Мырзашөлді және тың жерлерді игеру және т.б. анықталды.

Республика бойынша көші-қоншылардың негізгі орналасу аудандары, сапалық құрамы; жаңашаландырудың негізгі бағыттары мен ерекшеліктері және осы кезеңіндегі негізгі көші-қон үрдістері мен түрлері сараланып, өндірістендіру мен урбанизация дәуіріндегі көші-қон процестері, көші-қон процестерінің халықтың әлеуметтік және ұлттық құрамына тигізген әсерлері талданды.

1930-1950 жылдардағы ірі көші-қон толқындары қазақ халқы санының үлес салмағының азаюына әкелді, соның салдарынан 1980 жылдарға дейін қазақтар өз тарихи атамекенінде азшылыққа айналып, индустрия саласындағы мамандар арасында үлес салмағы аз болып қалды. Тұрғылықты халықтың қалалар мен қалашықтардағы үлес салмағы өте төмен болды. Қазақ тілінің өндірістегі, ғылым және білім беру саласындағы қолданылу аясы тарылып, екінші орынға түсті, ұлттық мектептер жабылды немесе орыс мектептеріне қосылды. Қазақ жастарының қалалар мен қалашықтарда тұратындары арасында өз ана тілін білмейтіндері көбейді. 1897 жылы Қазақстаннан тыс жерлерде туылғандардың үлесі 8,3% болса, 1999 жылы славяндар мен неміс халқының кері көші-қонына қарамастан, олардың үлесі 22,9%-ды құрады. Бұл, XX ғасырдағы көші-қон процесінің орасан зор салдарына дәлел болады.

Зерттеу нәтижесі көші-қон процестерінің демографиялық, этникалық және әлеуметтік жағдайға айтарлықтай әсерін көрсетті. Бұл процестің мемлекет экономикасының дамуында және кәсіби-білікті жұмысшы мамандар мәселесін шешуде өте маңызды рөлі бар екендігі анықталды.

Зерттеу нәтижелері төмендегі еңбектерде көрсетілді: Асылбеков М.Х. «История Туркестано-Сибирской магистрали (1926-1958 гг.) (в соавторстве с Бегалиевой А.А. и Курмангалиевой Р.Е.). Алматы, ОАО «КАТиК им.М.Тынышпаева», 2003; Асылбеков М.Х. «Алихан Букейхан – общественно-политический деятель и ученый», (в соавторстве с Э.Сейтовым). Алматы «Өркениет» 2003; М.Х.Асылбеков, А.И.Құдайбергенова «Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1939-1959 жж.)». Алматы, Өркениет, 2005 ж. Сондай-ақ, «XX ғасырдағы Қазақстандағы көші-қон процестері және олардың салдарлары» атты монографияның қолжазбасы даярланды.

1990 жылдардың басында құрылған «Жаңа замандағы Қазақстан тарихы мен тарихи демография» бөлімінің тарихи демография саласында ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор М.Х.Асылбеков жетекшілік жасауда. Осы уақытқа дейін шәкірттері 10-нан астам докторлық, 30-дан астам ғылыми кандидаттық диссертация қорғады. Олардың ішінде жекелеген аймақтар

бойынша және белгілі бір кезеңдеріне арналған зерттеу еңбектері жазылды. М.Х.Асылбековтің жетекшілігімен тарихи-демография саласында көптеген тақырыптар жоспарлы түрде белгіленген мерзімдер бойынша жазылуда.

### Деректер

1. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 607-іс, 1,2,3-бб.
2. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 616-іс, 2,3-бб.
3. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 624-іс, 6,9-бб.
4. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 633-іс, 7-бб.
5. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 634-іс, 1-бб.
6. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 633-іс, 1-бб.
7. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 633-іс, 3-бб.
8. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 633-іс, 4-бб.
9. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 623-іс, 4-бб.
10. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 1251-іс, 1-4-бб.
11. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 1250-іс, 1-бб.
12. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 1474-іс, 4-бб.
13. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 1475-іс, 1-бб.
14. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 1692-іс, 8-9-бб.
15. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 1561-іс, 2-бб.
16. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 1561-іс, 3-бб.
17. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 1707-іс, 1,9-бб.
18. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 1710-іс, 1-бб.
19. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 1825-іс, 13-бб.
20. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ. 2-т., 42-іс, 4-бб.
21. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 1-т., 1974-іс, 1-бб.
22. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 2-т., 42-іс, 7-бб.
23. ҚР БҒМ Біріккен ведомствоаралық мұрағаты. 11 қ., 2-т., 42-іс, 8-бб.
24. Отчет о научно-исследовательской работе 1999 г. 1-б.
25. Отчет о научно-исследовательской работе 2002 г. 1-б.
26. Отчет о научно-исследовательской работе 2004 г. 1-б.